	Қимылды ойын: **«Бүршіктен атта»** Бұйрықты орындау біліктіліктерін пысықтау-бүршіктен аттау,жүгіру(оң және сол жақпен),жүру-тоқтамау,кідіріссіз.Шыдамдылықтарын дамыту. **Еңбек іс-әрекеті** Қылқан жапырақты ағаштарды күту(қажетті жағдайда) балаларды діңгектің айналасын қопсытуға, қылқандарын жинауға қатыстыру.Еңбек құралдарына ұқыпты қарауды,іскерлік мәдениетті тәрбиелеу. **Дидактикалық ойындар.Тәжірибе мен сараптама.** «Бұтағына қарай ағашты табу» Бөліктерден бүтін құрау. Бұтақтарға қарап ағашты атауды үйрету. Жеке жұмыс: 10 көлеміндегі сандарды салыстыруға үйретуді жалғастыру **Өз бетімен іс-әрекет** Ойынды ұйымдастыру барысында (қажетті жағдайда және оның барысында)балалардың қарым-қатынастарының өнегелі болуын, өз рөлдерінің орнын білуін,бір-біріне достық сезіммен қарауын, қиын жағдайда бір-біріне көмектесе алуын, қайырымдылық				

	қасиеттерін көрсете білуіне көмектесу. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**)				
Серуеннен оралу	Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету. Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету. Балаларға қимылды ойын түрінде үйрету. Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. Міндеті: балаларды ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу				
Түскі ас	Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу. **Ойын- жаттығу:** Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. **Ас қайыру** Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Әумин				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру. **Ұйқыдан кейінгі жаттығулар** **№ 14** **Керуеттегі жаттығулар** Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Ұйқымызды ашайық « Самал жел» - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: «Ф-ф-ф». «Желдің желпуі» - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. «Жел бұлттарды айдайды» - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу. **Керует жанындағы жаттығулар** Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық.				

	- Б. қ .қол белде: басты оңға, солға, алға, артқа бұру. - Б. қ. кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру. - Б. қ. оң жаққа және сол жаққа бұрылу. - Б. қ.: қолды аяқ ұшына жеткізу, бастапқы қалыпқа келу. Бір орында жүру, ұйқы бөлмеден аяқ ұшымен шығады. **Шынықтыру шарасы.** Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан-тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз. Арнайы жолдармен жүру. **Демалуды қалыпқа келтіру** *Демді қалыпқа келтіру.* Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді біз құрайық, Көріскенше күн жақсы				
Бесін ас	Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Еңбек іс-әрекеті:** «Топтағы тазалық» **Міндеті:** Топта тазалық сақтауға, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға баулу **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** **Ұлттық ойын:** «Тақия тастамақ» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады;				

	бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды **(дене тәрбиесі**)**				
Балалармен жеке жұмыс	**Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар:** **Әңгімелесу:** «Жануарлар мен өсімдіктер» **Міндеті:** жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы білімдерін кеңейту **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** *Ж. Айсултан*				
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Серуен	**Шырша және қарағайды салыстыра бақылау** **(карта №17)** **Міндеті:** Балалармен қарағайды қарау. Ағашты тауып атай білу. Қарағай мен шыршаны салыстыру; Ұқсастығы мен айырмашылығы. Ағаш биік, діңгегі тік, тегіс, қабығы сұр,қатпарлы. Ол ағаштың ішкі бөлігінің кеуіп кетуінен, зиянкестерден, әр түрлі зақымданудан сақтайды. Қабығы өсу барысында пайда болады. Ерте көктемде 2-3 күнде қарағайдың жіңішке бұтақтарында көк-жасыл түсті қылқан шоқтары пайда болады. Олардың арасында қызғылт немесе жасыл бүршіктер және				

	сары масақтар көрінеді. Көктемгі табиғаттың сұлулығын ұғына білу біліктілігін арттыру. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**)				
Серуеннен оралу	Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Серуеннен оралдық, Көңілді боп таралдық. Аяқ, қолға дем беріп, Сауықтық та, ойнадық! Күн мен жел де күледі, Бәрі бізге тіледі. Қолды жуып, дем алайық, Кел, бөлмеге кірейік! **Мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет.**				
	Жоба: «Кел, балалар, оқылық» **Әңгімелесу:** Айтыс деген не? Айтыс сөздерін жаттау **Міндеті:** шешендікке, сөз өнеріне баулу **(қарым-қатынас іс әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Дидактикалық ойын:** «Мұздағы қауіпсіздік» **Міндеті:** балаларға көктемгі мұздың қауіпті екенін түсіндіру **Қажетті құралдар:** Көк (мұз) және қоңыр (жер) түсті қағаздар. **Барысы:** Балаларға суреттер көрсетіледі. Егер суретте бала мұз үстінде ойнап жүрсе — балалар қолдарын айқастырып «болмайды» деген белгі береді.				

	Егер бала құрғақ жерде ойнаса — қол соғады. **Түсіндірме:** «Күн жылынды, мұз жұқарды, суға түсіп кету қаупі бар!» дегенді қайталату.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру				

Дидактикалық ойындар:

1апта

«Домино», «Шашки», «Сандар» (Үстел ойындары)

Міндеті: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін, бақылау және талдау жасау дағдыларын дамыту. Себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға баулу.

Ережесі: Ойыншылар кезекпен тиісті сандарды немесе пішіндерді сәйкестендіріп қояды. Ойын шартын сақтай отырып, қарсыластың жүрістерін бақылау қажет.

«Жиын» ойыны

Міндеті: «Бір» сөзінің мағынасын, оның тек бір затты ғана емес, сонымен қатар жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Сондай-ақ, жиынды сапасы бойынша (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы) әртүрлі элементтерден құруды, оларды бөліктерге бөлуді және қайта біріктіруді үйрету.

«Бұл қай кезде болады?» (үстеу)

Міндеті: Негізгі ойды дұрыс жеткізуді, монологты байланыстырып құруды, әңгімені бірізді айтуды және шағын логикалық хабарлау сипатындағы әңгімелер құрастыруды дамыту.

«Қауіпті - қауіпсіз жолды тап»

Міндеті: Жолда жүру ережелері мен қауіпсіздік негіздерін бекіту.

Ережесі: Балалар суреттерден немесе макеттен қауіпсіз жүру жолдарын көрсетіп, неліктен ол жолдың қауіпсіз екенін түсіндіреді.

«Бұлт неге ұқсайды?»

Міндеті: Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету арқылы қиялды және шығармашылық қабылдауды дамыту.

«Қауіпті - қауіпсіз жолды тап»

Міндеті: Жолда жүру ережелері мен қауіпсіздік негіздерін бекіту.

Ережесі: Балалар суреттерден немесе макеттен қауіпсіз жүру жолдарын көрсетіп, неліктен ол жолдың қауіпсіз екенін түсіндіреді.

2 апта

«Біздің көмекшілеріміз»
Дидактикалық тапсырма: Заттарды танып білуге, көздің көмектесетініне балалардың назарын аудару қажет. Көз олардың көмекшілері, оларға көзді сақтай білуге үйрету.
Ойын ережесі: ойын шарты бойынша заттарды қарау және табу. «Ғажайып қоржыннан» ойыншықтар алу, оған қарап не екенін, қандай түс екенін айту. Көру түйсігін пайдаланбай басқа ойыншықты алып, түсі қандай екенін айту. Суретте не салынғанын көру және айту.
«Заттар – өздері туралы не айтады?»
Балаларды заттардың түсін, нұсқасын, көлемін, қасиетін, атауын ажыратуға үйрету. Бақылаушылық түйсігін жетілдіру, заттардың тұтастығы мен бөліктерін көре білуді дамыту. «Заттар өздері туралы не айтады?» тақырыбында қысқаша әңгіме құра білуге балаларды жаттықтыру. Балаларды кедергі жасамай бір – бірін тыңдауға, кейде достарының әңгімесін толықтыруға дамыту.

«Пішіндерді ажырат»
Міндеті: Геометриялық пішіндер туралы білімдерін тиянақтау.
Ережесі: Балалар берілген пішіндерді (шеңбер, шаршы, үшбұрыш т.б.) аты бойынша тауып, оларды топтастыруы қажет

«Апта күндері»
Міндеті: Уақытты бағдарлау, апта күндерінің реттілігін есте сақтау.
Ережесі: Балалар апта күндерін ретімен атап, бүгін, кеше, ертең қай күн екенін сұрақ-жауап арқылы анықтайды.

«Дұрыс - бұрыс»
Міндеті: Этикет ережелерін және дұрыс мінез-құлық нормаларын ажырату.
Ережесі: Тәрбиеші түрлі жағдаяттарды айтады, балалар егер әрекет дұрыс болса – қол шапалақтайды, бұрыс болса – үндемейді немесе бас шайқайды.

3 апта

«Сөзді есіңе сақта»
Дамытушы ойын: Балалардың сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін дамыту.
Қажетті құралдар: Әр балаға 4 - 5-тен суреттер беріледі.
Ойынның шарты: Тәрбиеші өтілген жаңа сабаққа байланысты 5-6 сөз айтады, балалар айтылған сөздерді сол қалпында қайталап айтып шығулары керек. Сөздерді шатастырып алса, қолындағы суретті ойын бастаушы балаға береді. Кім қолындағы суретті көбірек сақтай алса, сол жеңімпаз болады.

«Пішіндерді боя»
Міндеті: Түстерді тани білуге үйрету. Ойын элементтерін пайдалана отырып, математикаға қызығушылықтарын дамыту.
Көрнекіліктері: геометриялық пішіндер
Ойын шарты: тәрбиешінің берген ақ қағаздарын шимайламау керек, тәрбиешінің нұсқауын күтуі тиіс.

«Заттар әлеміне саяхат»
Міндеті: топ бөлмесіндегі көптеген әр – түрлі заттарға балалардың назарын аудару. Олардың нақты атаулары мен қасиеттерін балалар біледі ме, жоқ па соны тексеру. Балаларға түрлі жағдайларда және күнделікті өмірде оларды дұрыс пайдалануға дамыту.
Ойын ережесі: Үлкен саяхатшының нұсқауларын орындау. Заттарды көрсете білу және барлығын көрінетіндей, естілетіндей етіп атын атау. Заттардың ерекшелігі
жөнінде және оны қолдану ережесін айту. Қиналған кезде бір – біріне көмектесу.

Қай жерде не бар?»
Міндеті: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.
Ойынның құрал-жабдықтары:Топтағы ойыншықтар.
Ойынның мазмұны:Балаларға кеңістік туралы суреттер беріледі. Кеңістік бейнеленген суреттерді қайда не тұрғанын атайды. Мысалы: қуыршақ шкафтың үстінде.

«Қайтала»
Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау және есту қабілетін дамыту.
Ережесі: Жүргізуші айтқан сөзді немесе дыбыстар тізбегін балалар еш қатесіз, дәл сол ырғақпен қайталауы тиіс.

4-5 апта

«Теңге алу» (Ұлттық ойын негізінде)
Міндеті: Теңгелерді ажырата білуге,ептілікке және жылдам есептеуге баулу.
Қажетті құралдар: Тиын ақшалар (немесе қағаздан жасалған үлгілері), аттың макеті немесе шеңбер.
Ойын барысы:
Жерге (немесе үстел үстіне) номиналы әртүрлі тиындар шашылады.
Балалар "атпен шауып келе жатқандай" белгілі бір қашықтықты жүріп өтіп, еңкейіп тиынды іліп алуы керек.
Ойын соңында әр бала өзі жинаған тиындардың сомасын есептейді. Кім көп ақша жинаған емес, кім сомасын дұрыс есептегені жеңімпаз атанады.

«Айырмашылығын табу»
Міндеті: Зейінділікті дамыту, ақша белгілерінің элементтерін (түсі, саны, суреті) тану.
Қажетті құралдар: Бір-біріне ұқсас, бірақ ұсақ айырмашылықтары бар екі банкноттың суреті (мысалы, бірінде нөмірі басқа, екіншісінде түсі сәл өзгеше немесе элементі жетіспейді).
Ойын барысы:
Балаға екі сурет көрсетіледі.
Бала белгіленген уақыт ішінде (30-60 секунд) екі купюраның арасындағы 5 немесе одан да көп айырмашылықты табуы тиіс.
Тәрбиеші бұл арқылы ақшаның қорғаныс белгілері мен дизайны туралы түсінік береді

«Банкомат»
Міндеті: Банк қызметі, ПИН-код, картамен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру.
Қажетті құралдар: Картоннан жасалған банкомат макеті, ойыншық банк карталары, қағаз ақшалар.
Ойын барысы:
Рөлдік ойын: бірі — клиент, екіншісі — банк кеңесшісі.
Бала "банкоматқа" картасын салып, құпия кодын (4 сан) береді.
Ол өзіне қажетті соманы айтады немесе басады. "Банкомат" ішінде отырған бала (немесе тәрбиеші) сұралған соманы шығарып береді.
Маңызды ереже: Ақшаның картаға қайдан түсетіні (ата-ананың еңбегі, жалақы) туралы әңгіме жүргізіледі.

«Ақша жұмсауды үйренеміз»
Міндеті: Қажеттілік пен тілекті ажырату, бюджетті жоспарлауды үйрену.
Қажетті құралдар: Тауарлардың суреттері (нан, сүт, ойыншық, балмұздақ, дәрі, кітап) және олардың бағалары жазылған карточкалар.
Ойын барысы:
Балаға белгілі бір мөлшерде "жалақы" (ойыншық ақша) беріледі (мысалы, 1000 теңге).
Ол дүкенге барып, тауар таңдауы керек.
Шарт: Алдымен ең қажетті заттарды (тамақ, дәрі) сатып алуы тиіс. Егер ақшасы артса ғана ойыншық немесе тәтті алуға болады.
Соңында бала неліктен осы заттарды таңдағанын түсіндіріп береді**.**

Жыл мезгілдерін сипатта:
«Көктемге арнап бояу табайық» және «Ауа райын сипатта!» ойындары арқылы жүзеге асады. Балалар көктемгі өзгерістерді, күннің жылынуын және аспанның түсін сипаттайды

«Бұл қай кезде болады?» (үстеу)
Міндеті: Балалармен тәулік бөліктерін бекіту (таңертең,күндіз,кеш,түн)
Ойынның құрал-жабдықтары:Тәулік бөліктері суреті.
Ойынның мазмұны:Тәрбиеші балалармен бірге, тәулік неше бөліктен тұратынын,және тәулік бөліктерін атауды сұрайды.
Тәулік бөліктері бар суреттерді қарап,соған сәйкес келетін суреттерді тауып орналастырады.(таңертең,күндіз,кеш,түн).

Пайдалы-зиянды:
«Жақсы, жаман» ойынында қарастырылады. Мұнда табиғат құбылыстарының адамға және қоршаған ортаға тигізер пайдасы мен зияны талқыланады.

«Заттар әлеміне саяхат»
Міндеті: топ бөлмесіндегі көптеген әр – түрлі заттарға балалардың назарын аудару. Олардың нақты атаулары мен қасиеттерін балалар біледі ме, жоқ па соны тексеру. Балаларға түрлі жағдайларда және күнделікті өмірде оларды дұрыс пайдалануға дамыту.
Ойын ережесі: Үлкен саяхатшының нұсқауларын орындау. Заттарды көрсете білу және барлығын көрінетіндей, естілетіндей етіп атын атау. Заттардың ерекшелігі
жөнінде және оны қолдану ережесін айту. Қиналған кезде бір – біріне көмектесу.

«Сөзді есіңе сақта»
Дамытушы ойын: Балалардың сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін дамыту.
Қажетті құралдар: Әр балаға 4 - 5-тен суреттер беріледі.
Ойынның шарты: Тәрбиеші өтілген жаңа сабаққа байланысты 5-6 сөз айтады, балалар айтылған сөздерді сол қалпында қайталап айтып шығулары керек. Сөздерді шатастырып алса, қолындағы суретті ойын бастаушы балаға береді. Кім қолындағы суретті көбірек сақтай алса, сол жеңімпаз болады.

Қанша? Нешінші?:
«Жиын» ойынында заттардың санын анықтау және топтарды салыстыру арқылы «қанша?» деген сұраққа жауап беру дағдылары қалыптасады.

Үлкен-кіші:
Циклограмманың осы аптасында «Үлкен – кішкентай» ойыны музыкалық бағытта (ән айтуда дауыс ырғағын реттеу) берілген. Дегенмен, математика негіздерінде заттарды салыстыру кезінде бұл ұғымдар қолданылады.

Бағдаршам не дейді:
Қауіпсіздік ережелеріне байланысты «Жақсы деген немене?» әңгімелесуінде көшедегі тәртіп пен қауіпсіздік шаралары (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, бөтен машинаға отырмау) туралы айтылады.

«Ауа райын сипатта!» (Серуен кезінде)
Ережесі: Көктемгі ауа райының ерекшеліктерін сипаттайтын сөздерді (жылы, ашық, суық, құрғақ, желді, жаңбырлы, тұманды) қолдануды үйрету.

«Жақсы, жаман» (Серуен кезінде)
Ережесі: Табиғатта болып жатқан құбылыстардың (мысалы, желдің) жақсы және қарама-қайшы тұстарын көре білуге үйрету. Өлі және тірі табиғаттың байланысын түсіндіру.

«Көктемге арнап бояу табайық» (Серуен кезінде)
Ережесі: Жыл мезгілі туралы білімді тиянақтау. Өсімдіктер мен жануарлардың көктемде бояуы қанық болатынын түсіндіру және байланыстыра сөйлеуді дамыту.

Сюжеттік-рөлдік ойындардың ортақ ережесі («Дүкен», «Асхана», «Шаштараз»):
Барысы: Балалар рөлдерге бөлінеді (сатушы-алушы, аспаз-келуші, шаштараз-клиент).
Ереже: Сөйлесу барысында сыпайылық таныту («Сәлеметсіз бе?», «Рақмет», «Сау болыңыз»). Қаржылық сауаттылық бойынша «ақшамен» есептесуді, кезек күтуді үйренеді. Тәрбиеші ойынды сырттай бақылап, диалогтың дұрыс құрылуына бағыт береді.

Саусақ жаттығулары:

«Сәлем»
Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)
Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды)
Тіпті «сәлем» - деймін мен («қанаттарын» екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады) Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)
Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды)
Тіпті «сәлем» - деймін мен («қанаттарын» екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)
Тауыққа көрші үйдегі (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды)
Сәлемет пе, (екі қолды жоғары соза аспанды көрсетеді)
Шуақты күн көкте! (екі қолды жоғары көтере екі жанына кезек теңселеді)
Сәлемет пе, (екі қолды төмен түсіре, қол бастарын бір-бірінің үстіне қойып алдына ұстайды)
Нұрлы аспан көкпеңбек! (оң жаққа оң қолын жаяды)
Сәлемет пе, (сол жаққа сол қолын жаяды)
Самал жел желпіген» (оң қолдың сұқ саусағын алдына тік ұстай оңға, солға кезектестіре шайқайды)
Сәлемет пе, (бастарын шайқайды)
Кішкентай түбіртек!
Сәлем, таң жаңа атқан!
Сәлем, күн арайлы!
Сәлемге еріну!
БізденәстеболмайдыҚане, қане кім келді? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын созады)
Біз, біз, біз! (екі қолдағы бас бармақтарды қосып ұстап, қалған саусақ ұштарын бір мезгілде соғады)
Апа, апа, бұл сіз бе? (екі қолының бас бармақтарының ұштарын созады)
Иә, иә, иә! (сұқ саусақтарының ұштарын соғады)
Әке, әке, бұл сіз бе? (екі қолдарының бас бармақтарының ұштарын соғады)
Иә, иә, иә! (ортаңғы саусақтардың ұштарын соғады)
Ағатайым, бұл сіз бе? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады)
Иә, иә, иә! (аты жоқ саусақтардың (шылдыр шүмек) ұштарын соғады)
Қарындасым, бұл сіз бе? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады)
Иә, иә, иә! (кішкене саусақтардың ұштарын соғады)
Біздер тату жанұя (барлық саусақтардың ұшымен бірге соғады)
Иә, иә, иә! (алақандарымен шапалақтайды)

«Мысық»
Мысық біздің саққұлақ
Тышқанды жақсы есту үшін бірақ (ортаншы және төртінші саусақтар бас бармаққа тіреледі, сұқ саусақ және кішкентай саусақ жоғары қарайды)

«Қаз»
Қаз тоқтамай қанқылдайды
Жақындасан шымшылдайды (білек тік, алақан түзу. Сұқ саусақ бас бармаққа тіреледі. Барлық саусақтар бір-біріне жабысып тұрады)

Музыкалық ойындар:

Көңілді – мұңды» ойыны

(музыкалық туындының ерекшелігін анықтау үшін)
Ойын материалы: Төрт үлкен карточка: көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян. Осы кейіпкерлердің суреттері салынған бірнеше кішкентай карточкалар.
Ойын барысы: Музыкалық жетекші әртүрлі әуендерді орындайды Балалар әуенді тыңдайды да сәйкес карточканы көрсетеді.
Көңілді
Жылқы жағалауда жүр екен
Жасыл желек үстінде.
Ол басын шұлғып,
Қара жалың желпілдетіп,
Алтын жүгенін сылдырлатып
Сыңғыр, сыңғыр ете
Тағып алған қоңыраулары,
Жорғалап ол жүреді

Мұңды
Мұңды көңілсіз жануарлар,
Олар ауырып қалған шығар.
Қоянның аяғы ауырып тұр,
Тұнжырап мұңайып тұр.
Сондықтанда олар,
Иттің басы ауырып тұр

«Көңілді паровоз»

Ойын материалы: Қатты картоннан жасалынған паровоз және аңдар.
Ойын барысы: »Көңілді паровоз» әдістемелік үстелге балалар жаққа қаратылып қойылады. Музыкалық жетекші балаларға бос терезелерге назар аударта отырып, паровоз бен оның вагондарын қарап шығуды ұсынады.
Одан әрі қарай паровозға машинашы мен жолаушылар қажет болғандықтан, оның ұзақ жолға шыға алмай тұрғанын хабарлайды. Ал вагондағы орындарға кім отыратындығын анықтауға музыка көмектеседі. Музыка жетекшісі «Қорбаңбай аю» пьесасын тыңдауды және оның атауын еске

түсіруді ұсынады. Балалар пьесаның атауын табады, сөйтіп «Аш қасқыр», «Айлакер түлкі», «Көңілді қояндар».

«Музыкадағы үш кит»

Ойын материалы: Қатты картоннан жасалынған үш кит.
Ойын барысы: Ойын музыкадағы «Үш кит» тақырыбы бойынша балалардың білімін бекіту үшін таныс материалдармен өткізіледі. Балалар үш шеңбер жасап тұрады, ортасында қолына «кит» ұстаған бала тұрады. «Марш» әуені ойнағанда кит – марш шеңберінде тұрған балалар марштайды. Ал «полька» әуені ойнағанда кит – биі, «Достық» әні ойнағанда кит – ән шеңберінде тұрған балалар әндетеді. Музыка жетекшісі музыкалық материалды өз қалауы мен тақырыпты бекіту қажеттілігіне байланысты таңдайды.

«Музыкалық үйшік»

Ойын материалы: Қатты картоннан жасалынған үйшік және сол әйнектердің көлеміне сәйкес әртүрлі муз аспаптардың суреттері.
Ойын барысы: Музыка жетекшісі балаларға үйшікті көрсетеді. Ол үйшіктің ішінде әртүрлі аспаптарда ойнайтын, көңілді музыканттардың тұратынын айтады. Егер мұқият тыңдасақ, олардың әрқайсысының қандай музыкалық аспаптарда ойнайтынын білетін боламыз. Музыка жетекшісі балаларға таныс әнді әртүрлі музыкалық аспаптарда ойнап айтып береді. Балаларға ол аспаптарды көрсетпеу керек. Тапсырма жүктелген бала, қандай инструмент екенін тауып карточкалардың арасынан сол инструменттің суретін алып үишіктің әйнегіне апарып жабыстырады.

«Өз аспабыңды тап»

Ойын материалы: Музыкалық аспаптардың суреттері бейнеленген түссіз карточкалар және түрлі түсті төртке бөлінген үш карта, және балаларға арналған муз аспаптар, ширма.
Ойын барысы: Ойынға бір жүргізуші, екі бала қажет. Жүргізуші ширманың артындағы аспаптардың жанына төртке бөлінген түсті картаны қояды, ал түссіз картаны ойнайтын балаларға таратып береді. Балаларға аспаптардың дауысын тағыда біррет тыңдатып, өлең айта бастайды солай ойын басталады. Жүргізуші суреттің бір бөлігін көтеріп сол аспапта ойнап мен қандай аспапта ойнадым деп сұрайды. Дұрыс жауап берген балаға түсті картаның бір бөлігін беріліп ол карта түссіз картаның үстіне қойылады. Ойын карта жабылғанша жалғаса береді.

«Музыкалық сағат»

Ойын материалы: Қатты картоннан істелінген сағат.
Ойын барысы: Музыкалық жетекші балаларға таныс әннің әуенін ойнайды және әуенді тыңдап болғаннан кейін балаларға қай әннің орындалғанын сағат тілімен көрсетуді ұсынады. «Жасыл шырша», «Биші болам өскенде», «Біз бақытты баламыз», «Домбыра сазы», «Аяз ата», «Жаңбыр» «Сылдырмақ». Әннің басын тыңдағаннан кейін бір бала шығады да тыңдалған әуенге сәйкес келетін картинаны сағаттың тілімен көрсетеді. Ойын сағаттағы суреттерді айналып келгенше жалғасады.

«Соқыр теке»

Ойын барысы: Балалар бір – бірінің қолынан ұстап шеңбер жасап тұрады, 3 – 4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады.
Ортада «Соқыр теке»
Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1 – ші шумағын айтады. 2 – шумақты «Соқыр теке» айтады. 2 – шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «Соқыр текеге» ұстатпаймыз деп жан жаққа жүгіреді. «Соқыр теке» біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса әннің 2 – ші шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала «Соқыр теке» болады. Егер ұстай алмаса «Соқыр теке» өзі болады.

Соқыр теке, бақ, бақ
Біз айтамыз тақпақ.
Мықты болсаң қанекей,
Бірімізді тап, тап.

«Балақан да алақан»

Балалар дөңгелене шеңбер жасап отырады. Музыка ойнаған кезде, балалар ән ырғағына ілесіп, қол соғып, өлең айтады. Алақандарын басқалардан бөлек, жаңылыс соққандар, не басқадай бір қылығымен ойын тәртібін бұзғандар «кінәлі бала» болып табылады. Оларды ортаға жеке шығарып, кінәсін ақтау үшін өлең, тақпақ айтқызып, билетеді.
Кел балалар, шапалақтап
Алақанды ұрайық.
Жаңылғанды ортаға ап,
Бір өнерін сұрайық.
Қ – сы
Ла – ла – ла – ла,
Балақан.
Ла – ла – ла – ла,
Алақан.

Айып тартсақ саспайық,
Қысылмайық қиналып.
Кел ойынды бастайық,
Келді достар жиналып.
Қ – сы
Ла – ла – ла – ла,
Балақан.
Ла – ла – ла – ла,
Алақан.

Бәрі қол шапалақтап, өлең қайырмасын айтып тұрып, кінәлі баланы бақылайды. Оны тапқан кезде, айыбына ән, би, немесе тақпақ сұрайды. Кінәлі

бала айыбын өтеген соң, ойын одан әрі жалғасады.
Бәрі сол балаға бұрылып тұрып, былай дейді.
Соғылғанда алақан,
Жаңылдың сен, балақан.
Шаю үшін кінәңді,
Көрсет бір өнеріңді.

«Ән салған кім?»

Балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді. Шет жақта, балаларға сыртын беріп отырған бала, ән салған баланың дауысын тануы керек. Отырған бала ән салған баланы дауысынан таныса, олар орын ауыстырады.
(тембрді айыру үшін арналған ойын)

Көп бала бар бөлмеде,
Бірі ғана ән салады.
Ал сырттағы
Кім екен деп тамсанады
Бір бала былай деп әндетеді.
Мен бақытты бөбекпін,
Таудай биік талабым,
Ән мен күйге зерекпін,
Бірден қағып аламын.

«Қос дабыл»

(Дыбыстың биіктігін айыру үшін арналған ойын)
Гүрілдей кеп қағылды,
Танып тұрмыз дабылды.
Там – та – ра – там. Там – та – ра – там.
Там – та – ра – там. Там – та – ра – там.
Шіңкілдей кеп қағылды,
Танып тұрмыз дабылды.
Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти.
Ти – та – ра – ти. Ти – та – ра – ти.
Балалар екі шеңбер жасап тұрады: сыртқы (Үлкен) және ішкі (Кіші.) Ойын басталғанша тәрбиеші өзінің қалауы бойынша үлкен немесе кіші дабылда ойнайды. Үлкен дабылда ойнағанда сыртқы шеңбердегі балалар айналып жүріп әндетеді, кіші дабылда ойнағанда ішкі шеңбердегі балалар айналып жүріп ән салады.

«Үлкен – кішкентай»
Міндеті: Балаларды ұзақ қысқа дыбыстарды білуге үйрету. Музыканың ритмін сезінуге баулу.
Ойынның барысы: Музыкалық жетекші балаларға әуенді тыңдатқызып, жолда кімнің келе жатқанын тыңдатқызып сол адамның жүрісін қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады.
Үлкен адамның жүрісі – ұзақ шапалақ.
Баланың жүрісі – қысқа шапалақ.

«До – ре – ми»
Міндеті: Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.
Ойын барысы: Музыкалық жетекші әнді орындап береді және балалардан сол әнге байланысты суретті таңдап көрсетулерін өтінеді. Бала неге сол суретті таңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, әннің не туралы айтылып тұрғанын айтып береді.

«Теңіз»
Міндеті: Балалардың музыкалық есту, тыңдау, көру қабілеттерін дамыту.
Ойын барысы: Балаларға үнтаспадан теңіздің дыбы қосылған әуенді естірту. Әуенді тыңдап болғасын, балалар әуеннің мінез құлқын айтып өз ойларымен бөліседі. Музыка жетекшісі композитордың жазған әуеніндегі кездесетін әр – түрлі көңіл күйіне балалардың көңілін аударады. Әуенде толқын бірде ақырын, бірде қатты, бірде жәй естіледі.. Содан соң музыка жетекшісі балалды картинкада көрсетілген теңіздің әр түрлі толқынымен таныстырады. Музыка жетекшісі балаларға музыканы қайтадан тыңдатқыза отырып, балалардан теңіздің әр – түрлі толқынын карточканың көмегімен көрсетуді сұрайды.

Тәжірибелер:

29.Көрінбейтін сия
Бұл тәжірибені өткізу үшін сізге керек: жарты лимон, мақта, сіріңке, су және қағаз беті. Лимон суын ыдысқа сығып аламыз, соншама су құямыз. Сіріңкені немесе тіс шұқығышты мақтамен орап лимон суы мен су қосылған ерітіндіге батырып қағазға осы сіріңке таяқпен жазамыз. «Сия» кепкенде қағазды үстел үсті шамының үстіне қыздырамыз. Сонда қағазда бағана көрінбеген жазулар көріне бастайды.

30.Лимон ауа шарын үрлейді
Тәжірибе өткізу үшін сізге керек: 1 шәй қасық ас содасы, лимон шырыны, 3 ас қасық сірке суы, ауа шары, изолента стақан және бөтелке, мұржа. Суды бөтелкеге құямыз және шай қасықпен ас содасын ерітеміз. Басқа ыдыста лимон шырынын және 3 ас қасық сірке суын араласытырып мұржа арқылы бөтелкеге құямыз. Тез шарды бөтелкенің аузына кигіземіз және изолентамен қысып байлаймыз. Ас содасы және лимон шырыны сірке суы араласықанда химикалық реакцияға түсіп газ бөлінеді және қысым жасап шарды үрлейді.

31. Шұқығыштардың ауытқуы
Шұқығыштарды суы бар ыдысқа күн сәулесі сияқты орналастырамыз. Суы бар ыдыстың ортасына қант түсіреміз. Сонда шұқығыштар ортаға қарай жылжи бастайды. Қантты алып тастаймыз және ыдыс жуатын затты бірнеше тамшы тамызамыз – тіс шұқығыштар «қашады». Не болып жатыр? Қант суды өзіне сіңіреді яғни тартады оған қозғалыс туғызады тіс шұқығыштар ортаға жылжиды. Ал сабын суға тарап су бөлшектеніп тарап сонда тіс шұқығыштар тарай бастайды. Балаңызға оған сиқыр көрсеткеніңізді түсіндіріңіз, ал бірақ та белгілі сиқырлар табиғи физикалық құбылыстардан

32. Құдыретті қабық
Тәжірибе өткізу үшін сізге керек: 4 жұмыртқаның жарты қабығы, қайшы, жіңішке жабыстырылған лента, бірнеше толық консерв бәнкелері.
Әр жарты жұмыртқа қабығының шетін жабыстырғыш лентамен ораймыз. Қайшымен қабықтың қисық артық жерлерін түзетіп қиямыз. Төрт қабықты күмбез жағымен үстіне қаратып төртбұрыштап қоямыз. Абайлаңыз енді үстіне бәнкелерді бірінің үстіне бірін қоямыз қабықтар жарылғанға дейін қоя береміз.
Бәнкенің қаншасын нәзік қабықтар көтере алды? Бәнкелердің сыртындағы көрсетілген салмақтар санын қосып қанша бәнке қойғаңызды анықтаңыз. Сиқыр ойдағыдай шыққанын анықтаңыз. Күштің құпиясы – күмбез тәрізді қабықта болып табылады.

34. Мұз үшін жем
Тәжірибе өткізу үшін сізге керек: жіп, мұз текшесі, стақан су, кішкене тұз.
Текше мұзды суға түсіреміз. Стақанның шеткі жағына жіпті қоямыз оның судың үстінде қалқып жүретін бір жақ шеті текше мұзда жатуы тиіс. Мұзға кішкене тұз себеміз және 5-10минут тосамыз.
Жіптің бір жақ шетін ұстап текше мұзды стақаннан алып шығамыз. Мұздың беткі жағына түскен тұз жері кішкене ериді. 5-10минут ішінде тұз суда ериді, ал таза су мұздың жанындағы жіпке қатып қалады.
35.Суық су «қайнай» алады ма?
Тәжірибе өткізу үшін сізге керек: тығыз мұрын орамалы, стақан су және дәріханалық резеңке.
Мұрын орамалын сулап сығамыз. Стақанға суық су құямыз. Стақанды тығыз орамалмен жауып оған дәріханалық резеңкені тағамыз. Ормалдың ортасын бармақпен 2-3 см судың ішіне қарай басамыз. Қол жуғыш қабыршықтың алдында стақанды төңкереміз. Бір қолмен стақанды ұстаймыз ал басқа қолмен оның түбін соғамыз. Стақандағы су кішкене қозғалады («қайнайды»). Суланған орамал суды өткізбейді. Стақанды ұрған кезде онда вакуум пайда болып орамал арқылы суға ауа кіре бастайды. Міне осы ауа көпіргіштер судың қайнағаны сияқты болып көрінеді.

36. Пипетка – сабан талы
Тәжірибе өткізу үшін сізге керек: коктейл ішуге арналған сабан тал, 2 стақан. Екі стақанды бірінің жанына бірін қоямыз, біріншісін-сумен, екіншісін – бос. Сабан талды суға саламыз. Сабан тал үстіннен бас бармақпен жауып тұрып оны бос екінші стақанға апарамыз. Сабан талдың басын босатқанда –су бос стақанға ағып кетеді. Осылай бірнеше рет қайталасақ, онда біз стақандағы суды бос стақанға тасып толтырамыз. Осындай қызметпен сабан тал сіздің үйдегі дәріханалық сөмкеңіздегі пипетка сияқты жұмыс атқарады.
37. Сабан тал — флейт
Тәжірибе өткізу үшін сізге керек: коктейл үшін жалпақ сабан тал және қайшы. Сабан тал ұшы ұзындығы 15мм болатындай және оның шеттерін қайшымен қиямыз. Сабан талдың екінші жағынан үш бірдей (3) тесік тесеміз олардың ара қашықтығы бір-бірімен бірдей болады. Міне «флейт» енді пайда болды. Егер сабанды кішкене тіспен қыссақ онда «флейт» ойнай бастайды. Егер де флейттағы тесіктерді кезек –кезек бармақпен жапсақ онда дауыстар өзгере бастайды. Ал енді бір әнді ойнауға болады.

Ұлттық ойындар:

«Айгөлек»
Міндеті: Балаларды ұйымшылдыққа, батылдыққа баулу, ереже сақтауды үйрету.

Барысы: Балалар тең екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы қол ұстасып тұрады. Бірінші топ: «Айгөлек-ау, айгөлек, айдың жүзі дөңгелек. Темір шынжыр үзетін, бізден сізге кім керек?» – деп сұрайды. Екінші топ бір баланың атын атайды. Сол бала жүгіріп келіп, қарсы топтың ұстасып тұрған қолын үзіп өтуі керек. Үзіп өтсе, сол топтан бір баланы өз тобына алып кетеді, үзе алмаса, өзі сол топта қалады.

Соқыр теке

Ортамыздан біреуімізді сайлаймыз,
Орамалмен көзін байлаймыз.
Қалғанымыз оны түртіп қашамыз,
Тым қырағы, сақ боламыз аса біз.
Ұмтылады ол оң мен солына,
Тырысамыз түспеуге оның қолына.
Кім ұсталса, соның көзі байланар,
Ол ұстайтын бейғам бала қайда бар? -

деп, ойынға қатысушы балалар бытырап қашады. Ал, көзі байланған бала оларды ұстап алуға тырысады. Қашып жүрген балалар арасында алақандарын соғып, дыбыс беріп қояды. Ойында ұсталған бала - ойынды одан әрі жүргізеді.

Жүзік жасырмақ

Балалар екі-екіден білектерінен айқастыра ұстап кілем үстіне немесе орындықта отырады. Алдымен ойынды тәрбиеші жүргізеді.

Алақанды беттестіріп, қуыстап,
Отырыңдар құр ауаны уыстап.
Бір, екі рет, кідіріп те қалған боп,
Бір жүзікті тегіс шығам салған боп.
Сездірмейді берік болса сырға кім,
Уысында бір құпия тұрғанын.
Бақыла да өзіңше түс-түсінен,
«Жүзікті бер», - деп сұра бір кісіден.
Тауып алсаң, сездірген жан айыпты,
Таппай қалсаң, жазасын ал лайықты, -

деп, қолындағы тоқпақпен жерді ұра отырып: *«Шық сақинам ортаға, шық!»*- деп қайта-қайта қайталайды. Осы кезде жүзік салынған бала көршісінің білегінен суырылып шығуы керек. Шыға алмай қалса, ойын ретінде балалардың бұйрығы бойынша ән айтады, би билейді, тақпақ айтып береді, ал көршісінен айырылып қалған бала да сол сияқты айыбын өтейді. Ойынды ары қарай балалар жүргізеді.

«Аударыспақ» (балаларға арналған нұсқасы)

Міндеті: Балалардың күш-қуатын, төзімділігін және тепе-теңдік сақтау қабілетін арттыру.

Барысы: Екі бала ортаға шығады (балабақшада бұл ойын көбіне жерде отырып немесе «ат» болып ойнаған құрдастарының үстінде отырып ойналады). Олар бір-бірінің қолынан ұстап, тартысу арқылы қарсыласын орнынан қозғалтуы немесе белгіленген шеңберден шығаруы керек. Тек қолмен тартуға рұқсат етіледі, итеруге болмайды.

«Ақ сүйек»
Міндеті: Тез жүгіруге, тапқырлыққа, қараңғыда немесе шөп арасында затты таба білуге баулу.
Барысы: Бастаушы «ақ сүйекті» (ақ түсті затты) алысқа лақтырады. Балалар оны іздеуге кіріседі. Кім бірінші тапса, ол басқаларға көрсетпей, белгіленген мәреге (сөреге) жеткізуі тиіс. Басқалары оны қуып жетіп, сүйекті тартып алуға тырысады. Мәреге сүйекті жеткізген бала жеңімпаз атанады.

«Бәйге»
Ережесі: Балалар «шабандоздар» болып бөлінеді. Ойын алаңында мәре (старт) және сөре (финиш) сызықтары белгіленеді.
Барысы: Тәрбиешінің белгісі бойынша балалар атпен шапқандай кейіп танытып (тізені жоғары көтеріп немесе ойыншық аттармен), белгіленген қашықтықты бірінші болып жүгіріп өтуі тиіс. Ереже бойынша бірін-бірі итеруге немесе жолдан шығып кетуге болмайды.

«Теңге ілу»
Ережесі: Жерге бірнеше «теңгелер» (тастар немесе қағаздар) арақашықтықпен қойылады.
Барысы: Бала «атпен» шауып келе жатып, еңкейіп жердегі теңгелерді тоқтамай жинап алуы керек. Кім аттан «құламай» (тепе-теңдік сақтап) және тоқтамай көп теңге жинаса, сол жеңімпаз болады

«Көкпар» (Балабақша нұсқасы)
Ережесі: Балалар екі топқа бөлінеді. Ортада «серке» ретінде жұмсақ ойыншық немесе доп қойылады.
Барысы: Әр топтың ойыншылары ортадағы затты іліп алып, өз тобының қазанына (немесе шеңберіне) жеткізуі керек. Қарсылас топ оны тартып алуға тырысады. Ойын барысында тек қолмен жұмыс істеу және ептілік қажет.

««Бес асық»
І кезең: "Бірлік" (Жинау)
Бала бес асықты жерге шашады. Ішіндегі біреуін "хан" (бас асық) ретінде қолына алады.
1. "Ханды" жоғары лақтырады.
2. Ол асық қайтып түскенше, жердегі бір асықты алып үлгеруі керек.
3. Осылайша 4 асықты бір-бірлеп жинайды.

ІІ кезең: "Қос-қостан"
Бұл кезеңде бала асықтарды екі-екіден жинап үйренеді.
Жоғары лақтырылған асық жерге түскенше, жерден екі асықты бірге іліп алуы тиіс.
ІІІ кезең: "Сарт-сұрт" (Асық соғыстыру)
Бұл баланың ептілігін арттырады:
Қолындағы асықты жоғары лақтырып, ол қайтып түскенше жердегі асықты қолына алып, лақтырылған асықты қайта қағып алады. Осы кезде асықтар бір-біріне соғылып, "сарт" еткен дыбыс шығуы керек.
3. Ойын ережесі (Неге болмайды?)
5-6 жастағы балаларға мынадай қарапайым шектеулер қойылады:
Сынар" болмасын: Жердегі асықты алғанда, қасындағы басқа асықтарға қол тиіп кетпеуі керек.

Түсіріп алма: Лақтырылған асықты жерге түсіріп алса, кезек келесі балаға беріледі.
Қолды алма: Асықты алып жатқанда қолды жерден ерте көтеріп кетпеу керек.

«Сақина тастау»
Міндеті: Шапшаңдыққа, байқампаздыққа баулу.
Ережесі: Ойыншылар шеңбер құрып отырады немесе тұрады, қолдарын алға созып, алақандарын біріктіреді. Бастаушы сақинаны (немесе тиынды) алақанына жасырып, әр ойыншының қолының арасынан жүріп өтеді. Ол білдіртпей бір ойыншының қолына сақинаны тастап кетеді. Содан соң: «Сақинам, сақинам, шық!» — дейді. Сақинасы бар бала тез жүгіріп шығуы керек, ал қасындағылар оны ұстап қалуға тырысады.

«Асық ойыны» (Ханталапай)
Ережесі: Ортаға көп асық шашылады. Асықтардың ішіндегі ерекше боялған «Хан» асығын табу керек.
Барысы: Тәрбиеші «Ханталапай!» деп айтқанда, балалар ортадағы асықтарды тез жинап алуы тиіс. Кімнің қолына «Хан» асығы түссе, сол жеңімпаз атанады. Сондай-ақ, асықты бүге, шіге, тәйке, алшы деп атап, дұрыс қоюды үйренеді.

Ойын ережесі бойынша төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асық өзгелерден ерекшеленіп тұруы қажет. Оның түсі не қызыл, не көк болуы болуы шарт.
Бір-бірден асық үйірусудің қорытындысы бойынша ойыншылар кезектерін бөліседі. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға үйіруі керек. Қалған ойыншылар аңдысын аңдап өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» қадалады. Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, ханталапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, ойын шарты бойынша келесі үйірі кезегі соған беріледі. Сондай-ақ хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады.
Хан алшы түспеген жағдайда үйірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысымен-алшысын тәйкесімен мен тәйкесін бір-біріне соғып, кенейлер бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе, немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды.
Межелі ұпай санын (100-50 немесе 80-40) ойын жүргізуші алдын ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады.
Ойын шартында асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орыннан қозғап түзетуге болмайды. Ойынның соңына дейін ханға бірде-бір асық тимеуі керек. Себебі ол – хан.

«Тақия тастамақ»
Ойын ережесі:
Балалар шеңбер жасап отырады. Бір бала қолына тақия алып, ән айтып немесе жай жүріп балалардың артынан айналады. Ол білдіртпей бір баланың артына тақияны тастайды. Тақия артында қалған бала оны байқаса, орнынан тұрып, тақия тастаған баланы қуып жетуі керек. Егер қуып жетсе, ойыншы ауысады, жетпесе – өзі тақия тастайды. Ойын шапшаңдық пен байқампаздықты дамытады